



АЛДАТАУ

Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№12(22) 22 наурыз 2024 жыл



НАУРЫЗ – МӘНІ МЕН СӘНІ БӨЛЕК МЕРЕКЕ

Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамы қазақстандықтар үшін орны бөлек айрықша мейрам. Көңіліңе шуақ сыйлаған, жаныңды нұrlандырған көктем айының осы бір шағында табиғат қана түлеп қоймай қоғамның ынтымағы мен бірлігін, бейбітшілігін нығайтатын адам баласының жан дүниесі де жаңғыра түсетіндігі анық. Сондықтан біз Наурызды тек көктемнің ғана емес, ізгілік пен жақсылықтың, ырыс пен ынтымақтың, достық пен еркіндіктің мерекесі деп білеміз.

Тарихтан білетініміздей ертеде Наурыз мейрамы күні жер бетіндегі қанды соғыстар, дау-жанжалдар тоқтатылып, адамдар бір-біріне деген өкпе-реніштерін ұмытып татуласа білген. Кешірімге келген соң мол дастархан жайылып, тәтті тағамдардан дәм татысып, емен-жарқын жүздесіп, бір-біріне амандық пен жақсылық тілеп, жастарға баталарын берген екен. Иә, достық пен бейбітшілік, жалпы тепе-теңдік, ізгілік пен жанару орын тапқанда ғана құт қонып, береке орнайтындығын аталарымыз жақсы ұғынған. Сондықтан да ата-бабаларымыз Наурызды табиғат пен қоғамның, ел мен елдің арақатынасындағы тепе-теңдік заңын сақтайтын бастау бұлақтар мен таланттарының қайнар кездерінің ашылына мүмкіндік туғызатын сән – салтанатты, мағаналы да мазмұнды мереке деп санаған.

Құрметті ардагерлер мен зейнеткерлер! Баршаңызды Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге мықты денсаулық, отбасының амандығын тілеймін! Наурыздың арайлап атқан ақ таңы Сіздерге шапағат нұрын сыйласын! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

ЕРБОЛАТ ТҰРЫМБЕТОВ,
Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы



Наурыз нақыштары

ЖАМБЫЛ ЖЕРІНДЕ ӨТКЕН КӨРІСУ КҮНІ

Уақыт деген құдырет бір орнында тұрған ба?! Ақ көрпе жамылған Жер-ана қаһарлы қыстың құрсауынан босап, жібіп, көктемнің иісі аңқып, облыс жұртшылығы аймақ көлемінің әр жерінде келе жатқан әз-Наурызды әз әлінше қарсы алып жатқан жағдайы бар.

Шығыс халықтарына ортақ үлкен мейрам Наурыз – бірліктің, татулықтың, ізгіліктің, бақыттың мерекесі саналады. Биылғы жылдың Наурыз тойын атап өту жанаша сипатқа ие болғанын көз көріп отыр. Солардың бір буыны ретінде саналатын Көрісу күні мерекесі облысы-

ет саласының қызметкерлері, аудан өнерпаздары және ауыл тұрғындары қатысты.

Наурыз, сәуір айлары - ұлтымыз үшін мерекеге, той-думанға толы мезгіл. Наурыз айының ортасынан бастап жер ана жіпсігенде қыстан аман шыққанына шүкірлік айтып, бір-бірін іздеп, қалын сұрап, жақынын, ауылын түгендеген. 14 наурыз - Көрісу күні. Бұл – елдің ырыс-ынтымағын арттыратын айрықша мейрам. Ардагерлер ұйымының төрағасы Мендебаев Батырхан аға халыққа тілегін білдірді. Осыдан соң ұлттық киім киген әжелер жиналған көпшілікпен амандасып, көрісу салтын көрсетті. Қазақ үй жанындағы қолөнер және ұлттық тағам көрмесін аралап, дәм ауыз тиді. Жиналған барша тұрғындарға тегін наурыз көже таратылды. Іс-шара барысында тыл ардагерлері, Ұлы Отан соғысына қатысқандардың жесірлері және зейнеткерлер қатысты. Шараның соңы мерекелік концертке ұласты.

«Ардагерлер ұйымы» Жамбыл аудандық филиалының төрағасы Б.Мендебаевтың айтуына қарағанда мереке барысында Наурызға байланысты мерекелік концерттер, кітап көрмелерін ұйымдастыру, ұлттық спорт түрлерін өткізу, суретші, зергерлер мен қолөнершілердің жұмыстарын көрсетіп, шеберлік сағаттарын өткізу, мүдделі кәсіпкерлерді тарта отырып, адамдар көп жиналатын алаңдарда, ірі сауда орталықтарының алдында «Наурыз қалашықтарын» ұй-

ымдастыру. «Таза табиғат» республикалық акциясы аясында «бір тал кессең, он тал ек», «Бұлақ көрсең, көзің аш» деген бабалар тәлімімен жаппай ағаш отырғызу, елді мекендер мен аулалардың аумақтарын тазарту, абағандандыру жұмыстары жүрмек.

Наурыз жай ғана жыл басы емес. Жамбыл ауданында оны тазалық пен экологияға қамқорлық мерекесі деп қабылдап, осы бағытта да жұмыстар атқарылмақшы.

Бұл аудандағы Наурыз сонымен қатар мейірімділік пен қайырымдылық мерекесі ретінде аталып өтуде. Ауданның барлық елді мекендерінде «Қайырымды ұлт» республикалық қайырымдылық акциясы аясында тұрмыс жағдайы төмен отбасыларға, жалғыз басты ардагер-



лерге, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көмек көрсету қолға алынбақшы.

Наурыз мерекесі білім беру саласында да өз ерекшеліктерімен аталып өтілетін болады. Мектептерге дейінгі мекемелерде ертеңгіліктер ұйымдастыру, мектептерде қол күресі, гир көтеру, арқан тарту, асық ағудан жарыстар өтетін болады.

Бір сөзбен айтсақ, енді ғана басталған Наурыз мерекесі әлі өз жалғасын табатын болады.

Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.

Әкімнің құттықтауы

АНАҒА ҚҰРМЕТ!



Әйел бақыты қызметімен емес, отбасы бақытымен өлшенеді. Көктемдей құлпырған аналар бір отбасының ғана емес, тұтас елдің ұйытқысы. «8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні мерекесіне» орай Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев Іле ауданына ат басын арнайы бұрып, Төрткен Кененқызын аналар мерекесімен құттықтап, гүл шоғын табыс етті. Төрткен Кененқызы ардагер ұстаз, әнші, Қазақстан Республикасының «Халық ағарту ісінің үздігі», «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері. Өткен ғасырда өмір сүрген, есімі елге белгілі атақты жырау, әнші, композитор Кенен Әзірбаевтің қызы. Әке мұрасын сақтап, оның жолын қуған, асылдың сынығы. Кездесуде Төрткен апа:

– Әкемнің шығармашылығын бала кезден біліп, жаттап өстім. «Қарағым, өнер жолына барарсың, бармасың, бірақ менің дүниелеріме ие бол. Құлағыңа құйып ал, керектісін жазып ал» деп отырушы еді. Зеректеу болсам керек, үйреткендерін қағып алатынмын. Әсіресе, әндерін көп үйретті. Өз аузынан 60-70 шақты әнін үйрендім. Домбыра тартуды да тез меңгердім. Әке өсиетіне адал перзентпін деп ойлаймын. Әкемнің бұған дейін жарияланбаған, ешбір кітапқа енген өлеңдерін жинастырып, «Аңыздар сыры» кітабын шығардық. Мәдениет министрлігі шығарған томдықтарға құрастырушы болып өлеңдерін, біраз шығармаларын енгіздім. Өз тарапымнан әкем туралы «Екі Кенен тумайды» атты естеліктер, мақалалар, ғылыми зерттеулер, өлеңдер жинағын көпшілікке ұсындым. Мұраларын көзімнің қарашығындай сақтап, қажет кезінде сұраған адамдарға беріп отырамын – деді.

Айта кетейік жақында ғана Алматы облысы мәслихатының шешімімен Іле ауданындағы Покровка ауылын Кенен Әзірбаев ауылы болып өзгертіп, Төрткен Кененқызына «Алматы облысының Құрметті азаматы» атағын берген болатын. Осылайша қазақ өнерін өрге сүйреген асылдың сынығы елдің қошеметіне бөленді.

Жылы кездесуден кейін құрметті қонақтар Төрткен Кененқызымен естелік суретке түсіп, ақ батасын алды.

Б.ШОЙБАСОВ

БҮГІНГІ САННАН ОҚИТЫНДАРЫҢЫЗ:

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ТОЙЛАНУДА



2 бет

БІРІНШІНІҢ ҚАСЫНДА



3 бет

ҰСТАЗ – ҰЛЫ ЕСІМ



3 бет

НАУРЫЗҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЗЫҚТЫ МӘЛІМЕТТЕР



4 бет

Возвращение к истокам

В КАЗАХСТАНЕ НАЧАЛАСЬ ПРАЗДНИЧНАЯ ДЕКАДА НАУРЫЗА

На днях к казахстанцам обратился президент Касым-Жомарт Токаев.

«Поздравляю всех с предвестником Наурыза – Амал күні! Его празднование – это исконная традиция, которая возрождает древние народные обычаи и является неотъемлемой частью нашей культуры. В этот день на первый план выходят наши национальные ценности и самобытность. Пусть новый год принесёт всем счастье и благополучие!», – написал президент на своей странице в социальной сети.

Как известно, традиционно Амал күні и его обязательный элемент – Күресу начинается именно с западных областей нашей огромной страны. Первые празднование продлится 10 дней: с 14 до 23 марта. С 13 по 14 марта в Мангистау жители и гости съезжались в легендарное место – Отпан тау. Это вторая по высоте (более 532 метров

над уровнем моря) вершин хребта Западного Каратау полуострова Мангышлак. Находится примерно в 140 км от Актау. Самая высокая – гора Бесшоқы, 556 метров, в 10 км от поселка Онды.

Отпан тау так называемая Караульная гора, на которой, в древности, примерно в 15 веке, передовые отряды казахских

конников поочередно несли службу по охране рубежей поселений. Легенды гласят, что когда вторгся враг, знаменитый батыр Адай, чтобы быстро собрать народ, первым применил огонь как сигнальный знак, опережающий посланного в тыл гонца на коне. С тех пор это стало военным уставом дозорных, как только возникала опасность, на вершине зажигали большой костер, видимый за десятки километров в округе. Это служило сигналом тревоги для быстрого сбора воинов в моменты нападения врага. К слову, легенда гласит, что батыр Адай прожил 115 лет.

Со временем Отпан тау превращается в символ единства нации и страны перед вызовами. На этом месте собирались батыры, бии и старейшины, принимавшие важные решения для дальнейшей судьбы региона. Начиная с 2000-х годов сегодняшнего столетия Отпан тау разросся до большого историко-культурного комплекса, а также стал туристическим и духовным объектом нации «Адай ата–Отпан тау». Тут построены мавзолей Адай ата, Тамгу рода, памятники матери, «Небесного волка», трем казахским биям и т.д. Семнадцатый год здесь проводят праздник Көрісу, или қауышу күні, также называют праздником Амал. Этот день считается началом нового года. Люди в национальных наря-



дах здороваются рукопожатием или объятием со словами «Бір жасың құтты болсын!», то есть «Поздравляю с еще одним годом».

Аким Магистауской области Нурлан Ногаев, на открытии празднования Амал күні поздравил всех жителей региона и гостей, пожелав благополучия и счастья в каждом доме.

В этом году продолжилась начатая традиция передачи священного огня (Огня единства) потомков Мунал ата - младшего внука Адая, потомкам Косай ата. Как рассказал корреспонденту «Алатау Ардагері» наш знакомый, житель села Узынагаш Алматинской области Адилбек Хыйльев, приехавший на Отпан тау, мероприятие прошло масштабно и зрелищно. Адилбек, к слову, является также избранным соплеменниками

бием подрода Коскулак, рода Адай. Были установлены десятки юрт с праздничными дастарханами, выставками изделий мастеров-ремесленников. Проводились скачки на лошадях, соревнования собак казахской породы тазы. Мерились силами палуаны. Зрителям подготовили большую концертную программу местные артисты художественной самодеятельности, сольные номера исполнила почетная гостья – народная артистка Казахстана Роза Рымбаева. За два дня это место посетили более 30 тысяч человек.

Эстафету Наурыза перенимают другие города и регионы нашей большой страны. Мереке құтты болсын, ардақты ағайын!

Рамазан ЕЛЕШЕВ.
Фото из сайтов и архива
А. Хыйльева.



Дәстүр

НАУРЫЗҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЗЫҚТЫ МӘЛІМЕТТЕР

Наурыз – әлемдегі ең көне мейрамдардың бірі. Орта Азия елдері оны 5000 жылдан аса уақыт атап өтіп келеді. Наурыз мейрамы заманауи діндер мен көптеген мемлекеттер пайда болғанға дейін шамамен 5 мың жыл бұрын пайда болды.

Бұл ежелгі мереке күнәдан тазару, киім-кешектерді тазарту, үйді тазарту, жамандықтан және өшпеділіктен тазару мерекесі ретінде атап өтіледі. Ол адамдарды басқалардың күнәлары мен жамандықтарын кешіруге шақырады. Сондай-ақ, бұл күні шығыс елдері екі арадағы кез-келген соғысты тоқтатқан. Ал қазақ ақсақалдары мерекеден араздасқан ру-тайпалармен татуласатын болған.

Наурыздың шығу тарихы белгісіз. Иран мифологиясына сәйкес, осы күні Тұран ханы Афрасиабтың қолынан қаза тапқан атақты Саяуыш батыр жер қойнына тапсырылған. Бұл аңыздың Авестада айтылғаны белгілі.

Наурыз – көктемгі күн мен түннің теңелетін күні. Бұл күні жер шары алаңдарын қоспағанда, бүкіл жер бетінде күн мен түн теңеседі. XI ғасырдың өзінде ұлы ғалым әрі ақын Омар Хайям жұлдыздар мен шоқжұлдыздардың толық циклды аяқтағаннан кейін, өзінің бастапқы жүру нүктесіне келіп, жаңа жолды – шеңберді қайта бастайтын байқады. Бұл бақылауының негізінде Хайям сол кезде билік еткен Джалал ад Дин Мәлік Шах ибн Әл-Арслан Селжүктің құрметіне «Мәлік күнтізбесі» деп аталатын жаңа күнтізбе құрастырды. Онда жаңа циклдың басталуы 22 наурызға – көктемгі күн мен түннің теңелетінін күніне түседі. Бұл күнтізбе қазір пайдаланып жүрген күнтізбеге қарағанда, әлдеқайда дәлірек болды. Өйткені, 365 күн бар күнтізбеге қарағанда, жылына 324 күнді құрайтын Мәлік астрономиялық күнтізбесіндегі қателік 0.0002 күн және одан кем.

2010 жылғы 19 ақпандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-сессиясында «Әлем мәдениеті» бағдарламасының 49-тармағына сәйкес «Халықаралық Наурыз мерекесі» деп аталатын қарар қабылданды. Сөйтіп, мереке БҰҰ-мен мойындалды.

Наурыз Қазақстанда, Қырғызстанда, Өзбекстанда, Түрікменстанда, Түркияда, Тәжікстанда, Иранда, Әзербайжанда, Албанияда, Ауғанстанда, Ирактың Күрдистанында, Үндістан және Македонияда мемлекеттік мереке болып табылады. Оны Татарстан, Башқұртстан, Қытай және тіпті Жа-

Құтпанбайұлы (1706-1781), Наурызбай Қасымұлы (1822-1847). Алтын Орданы да Наурыз хан билеген. Сондай-ақ, ел арасында Наурызгүл, Наурызбек, Наурызәлі және басқа да есімдер көп таралған.

Ескі наным. Халық арасында адамдар наурыздың 13 күнінде жасаған іс-әрекеттерін жыл бойына жасайды деген сенім бар. Сондықтан, бұл күндері ешкіммен кеңеспей, бір-бірінің қарызын кешіру, барлығымен бейбіт қатынас жасау әдеті қалыптасқан. Халықтың наным-сеніміне сүйенсек, бұл мерекеден көп нәрсе үйге келген бірінші адамға байланысты. Жаңа жылдың бірінші қонағы мейірімді, жайлы мінезді, беделді, әзіл-қалжың түсінетін адам, ең бастысы қадамы сәтті, үйге сәттілік әкелетін жан болуы керек.



понияда да «жергілікті деңгейде» атап өтеді. Ал 2010 жылдан бастап Наурыз Грузияда ұлттық мереке болып жарияланды.

Бүркеншік ат. Наурызда туылған балалар жоғары күш, жұлдыздардың орналасуымен белгіленетін болады деп есептеледі. Сондықтан, есім берілу кезінде оларға мерекеге байланысты ат қойылған. Осындай ұқсас атпен аталған көптеген батырларымыз бар екені белгілі. Солардың бірі Наурызбай

жағылған шырақтармен және боялған жұмыртқалармен бірге подноски салып, дастарханға қояды.

Әзірбайжанда мерекелік дастарханға жеті тағамнан тұратын ас қойылады және олардың атауы «С» әрпінен басталуы керек. Сондай-ақ, Әзербайжанда және Иранда Наурыз мейрамында жұмыртқа бояйтын ежелгі дәстүр бар.

Мақалаға.stan.kz сайтынан алынды



АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады
ҚҰРЫЛТАЙШЫ: «Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы
Директор: Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР: Роза Айдарбекова Тел.: 8 777 251 9310
ТІЛШІЛЕР: Алтынбай Сықымбек Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.
Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 6200 Тапсырыс №477 Индексі – 65472.